




*Заң және*

*ЗАМАН*





*Елбасы «Заңды білу – заман талабы» екенін көрсетті. Қазақстан Республикасы – демократиялық, зайырлы, құқықтық мемлекет, оның ең қымбат қазынасы - адам және адам өмірі, оның құқықтары мен бостандықтары. Әрбір азамат өзінің әлеуметтік құқықтары мен бостандықтарын пайдалана білу керек, бірақ оны жүзеге асыруы басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзуға, конституциялық құрылыс пен қоғамдық имандылыққа нұқсан келтірмеуге тиіс. Адам құқықтары жайлы құжат, яғни «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы» 1948 жылы 10-желтоқсанда БҰҰ-ның шешімімен қабылданған.*

*Қоғам қарапайым ағыммен даму үшін оның азаматтары құқықтарды пайдаланып қана қоймай, өз міндеттерін орындау керек. Құқық дегеніміз - мемлекетте қолданылатын барлық құқықтық нормалардың, құқықтық сұрыптардың, әділеттілік үлгілердің, мемлекеттің құқықтық ережелерінің жиынтығы болып табылады. Құқықта заңдар ерекше орын алады. Заң - ең жоғары күші бар нормативтік құқықтық акт. Мұның мәнісі – мемлекеттік органдар қабылдаған нормативтік актілер заңға негізделуге және заңға қайшы келмеуге тиіс деген сөз. Жеке адамның мүддесін қанағаттандыруға бағытталған, заң арқылы қорғалған тәртіптік шара жеке адамның құқығы болып есептеледі. Негізінде, адам дүниеге келгеннен бастап қоғамның бір мүшесі ретінде құқылы болып есептеледі. Оның өмірін, денсаулығын, тыныштығын біздің мемлекетіміздің Ата Заңы қорғайды. Заң жүзінде құқық түрлері бірнеше: азаматтық, саяси, мәдени әлеуметтік т.б. Бірақ, құқықты пайдалану үшін адам қоғамда лайықты міндеттерін орындау керек. Құқықпен бірге азамат бостандыққа иелі. Ешкім адамның заңды құқығы мен бостандығын шектей алмайды. Адамды бағындыратын заң. Сондықтан заңға, тәртіпке, реттілікке, тұрмыс нормаларына бағына білу керек.*



*«Тәртіпке  
бас иген құл  
болмайды,  
тәртіпсіз ел  
болмайды»*

*ҚР-ның азаматтарының міндеттері:  
заңдарға бағыну, басқа азаматтардың  
құқықтарын, бас бостандықтарын, арын  
құрметтеу, мемлекеттік рәміздерін  
құрметтеу, қаржы, салықты төлеу, тарихи  
және мәдени байлықтарды сақтау,  
табиғатты және табиғи байлықтарын  
сақтау, ата – аналардың балаларына  
қамқорлық ету міндеттерін орындау, орта  
мектеп білімін алу, Қазақстан  
Республикасын қорғау.*

1989 жылы 20-қарашасында «Балалар құқықтары туралы конвенция» қабылданып, 1995 жылдың желтоқсан айында Елбасымыз «Бала құқығы туралы конвенцияға» қол қойған. Конвенция – дүниежүзілік құжат. Ол балалар құқығының мәселелерін шешуге іс-шаралар қабылдауға шақырады. Біздің елімізде баланың негізгі құқықтары мен міндеттері, бала және жанұя, бала және қоғам, бала құқықтарын қорғау, бала тәрбиесіне әсер ету ерекшеліктері қаралған. Балалар құқықтары туралы халықаралық конвенцияда: «Мемлекет әрбір баланың аман-сау өсіп, жан-жақты дамуын қамтамасыз етеді. Бала өмірге келе салысымен тіркеуге алынады және өзіне есім мен азаматтық алуға құқылы. Әрбір бала өз отбасында, ата-анасымен бірге өмір сүруге құқылы. Бала мектепте кінәлі болғанда да оны ешкімнің ұрып жазалауға, кемсітіп қорлауға құқығы жоқ.

Әрбір баланың ой-пікірі, ар-ождан және дін еркіндігіне құқығы бар. Бала өзі қалаған спорт түрімен шұғылдануға құқылы. Бала денсаулығын сақтауға, емдеуге құқылы.

Бала өз ойын еркін айтуға құқылы», - деп жазылған. Қазақстан Республикасының «Баланың құқықтары туралы» заңы № 345-ІІ 2002 жылы 8-тамызда қабылданып, 10 тараудан және 53 баптан тұрады. Бұл құжат мемлекеттің барлық мектептерінде, балабақшаларында болуы тиіс екендігі, әрине, түсінікті болар.

*«Заң адамды бағындырады». Т.Фуллер.*

*«Заң адамдардың тәжірибесін қоғам игілігіне пайдаланатын адамзат даналығының ең жоғарғы көрінісі болып табылады». С.Джонсон.*

*«Әділ адамның адамгершілік қасиеттері заңды жоқтатпайды».*

*Менандр.*

*«Тәртіптің ең тамаша мектебі – отбасы». С. Смайлс.*

*«Жазылмаған кейбір заңдар жазылған заңдардан да қатаңырақ».*

*Сенека.*

*«Құқықтың ең қас жауы – артықшылық». М. Эбнер-Эшенбах.*

*«Тәрбиеші тәрбиеленушісін қандай жасағысы келсе, өзі сондай болуы шарт». В.И.Даль.*

*«Заң адамдардың тәжірибесін қоғам игілігіне пайдаланатын адамзат даналығының ең жоғары көрінісі болып табылады». С. Джонсон.*

*«Құқық дегеніңіз тек идеологиялық бір негіз ғана. Өз құқығыңды қорғап қалуың үшін жеткілікті күш болуы لازم». Мұстафа Шоқай.*

*«Заңға, тәртіпке, реттілікке, тұрмыс нормаларына бағына біл». В.А.*

*Сухомлинский.*